

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту және броньнан
шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2

23.02.2017 ж.
сағ.: 11:36

Тендерлік комиссия құрамы: С.К. Сабырбаева – Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төраға орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы;

комиссия мүшелері: Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, тендерлік комиссияның төраға орынбасары; Б.Қ. Д.Н. Дүйсекенова - ММРК Заң басқарма басшысының м.а., Д.А. Нұрқанов – ММРК Экономика, қаржы және құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасының басшысы, Е.С. Рахматулла - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасы басшысының м.а., Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасы басшысының м.а., Д. А. Жарылқапов – ММРК «Резерв» РМК Бас директоры, Д.Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

(Қатыспаған: Б. Ә. Орынбеков – ММРК «Резерв» РМК Бас директорының орынбасары – «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» ШЖҚ РМК-дағы жиналыста).

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік резервінен материалдық құндылықтарын шығару бойынша келіп түскен үміткердің тендерге қатысу өтінімін қарастыру.

Тендер 2017 жылғы 13 ақпандағы ММРК мемлекеттік резервінің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген шығаруға жататын мемлекеттік резервінің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері жоқ.

ММРК-нің www.kgmr.gov.kz сайтында орналастырылған Қазақстан Республикасы мемлекеттік резервінен материалдық құндылықтарды шығару бойынша тендерге қатысу өтінімі келесі тұлғадан тендерге қатысу өтінімдерінің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:

0.009 

№	Үміткер атауы	Конверт тер саны	Үміткер мекенжайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	Жеке тұлға Абдуалиев Алмас Калдибекович	1	Астана қаласы, Абылай-хана көш. 25/3	22.02.2017 ж.	15:20
	Барлық конверттер саны:	1			

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 11-тармағына сәйкес тендерлік комиссиясы келесі өтінімдерді тіркеуге алды:

1. Абдуалиев Алмас Калдибекович жеке тұлғасы (№ 1 лотынан бастап № 17 лотқа дейін)

Тендерге қатысу өтінімі тігілген, нөмерленген, 2 парақта;

1. Тендерлік өтінім;
2. Жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
3. 22.02.2017 жылғы № 44747 төлем тапсырмасы.

Тендерге қатысу өтінімін қарап, тендерлік комиссия ашық дауыс беру жолымен жеңімпаз болып танылсын деп **ШЕШТІ:**

1. **№ 1 лотынан бастап № 17 лотқа дейін** жалғыз қатысушы ретінде 10 512 500 (он миллион бес жүз он екі мың бес жүз) теңге бағамен Абдуалиев Алмас Калдибекович жеке тұлғасы тендерге қатысу өтінімі (Қағиданың 35 тармағына сәйкес).

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;


тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2. 2017 жылғы 23 ақпандағы өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы шығарылатын мемлекеттік резервінің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Ғаламтор-қорында (www.kgmr.gov.kz) жариялансын.

ММРК жеңімпаздармен сатып алу – сату келісім шартын 10 (он) жұмыс күні ішінде жасасын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2017 жылғы 23 ақпанда сағат 11.53-те жабылды деп есептелсін.



Қосымша: мемлекеттік резервінің материалдық құндылықтарының тізбесі 18 бетте.

Комиссия төрағасы:

Сабырбаева С.К.



Комиссия мүшелері:


Ахметов Б.Қ.




Дүйсекенова Д.Н.




Нұрқанов Д.А.



Рахматулла Е.С.



Иманбаев Н.М.



Жарлықапов Д.А.



Комиссия хатшысы:

Абуева Д.Е.

